

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТАНДЫРУ — СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТОСҚАУ**

Қазір біз жаңа қоғамда әмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамда айтарлықтай біз кәптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Бірақ, қоғамда кунделікті кездесіп жататын әзекті мәселелердің бірі бұл — сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлықпен күресу шаралары әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Ол үлкен әлеуметтік мәселе болып отыр.

Кез келген әркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең әзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. «Сыбайлас-жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «conruptio» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сіндыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Осындай түсінікпен қабылданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны айқын.

Құқықтық мемлекетте адам құқықтарының проблемалары мемлекет қызметінің басты, тұғырнамалық қағидасы ретінде қарастырылуға тиіс. Адамның құқықтарын мемлекет бекітеді, оларға кепілдік береді, бірақ бір әкініштісі іс жүзінде оларды мемлекеттің әзі жиі бұзып отырады. Сол себепті барлық мемлекеттік органдардың қызметінің басты қағидасы ретінде адам құқықтарын қорғау қағидасын бекіту қоғамның тұрақты, тиімді әмір сүруінің кепілі болып табылады. Әрбір мемлекеттік орган осы қағиданы өздерінің заңда белгіленген міндеттеріне, құзыреттілігіне және билік әкілеттіктеріне сәйкес іске асыруға бағдарланған. Қазіргі уақытта заңның үстемдігі мәселесі ерекше әзектілікке ие. Сөйте тұра, мемлекетімізде заңдылықтың шынайы жағдайы жақсы деуге келмейді. Заңдар мен құқықтық актілерді бұзу кең етек алуы құқық бұзушылық пен қылмыстың кәбеюіне әкеліп отыр. Оның себептерінің бірі — заңдардың әрекет ету механизміне аз кәңіл бөлу және оның толық жүзеге асу тәсілдерін тиісті дәрежеде бағаламау. Заңдылық ұғымы құбылыс ретінде ғалымдар, заңгерлер, депутаттар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, депутаттар назарынан тыс қалды. Алайда, заңдылықтың ұғымын дұрыс түсіну, оны қамтамасыз ету тетіктерін дұрыс анықтау бұл оның жасалу себептері мен заңды бұзудың түрлерін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді.

Тұтастай қоғам мен жалпы халық атынан сөйлейтін биліктің жариялылығы — құқықтық мемлекеттің басты белгісі болып табылады. Жария билік азаматтық қоғамның әмір сүруі мен дамуына қолайлы жағдай туғызуы керек. Жария билік заңмен бекітілуі тиіс және қоғамдағы мемлекеттік саясатты заң және өзге де заңдық механизмдер арқылы жүргізуі қажет.

Құқықтық мемлекеттің белгілері қалай алып қарағанда да «Транспаренци Интернешнл» ұсынған сатылмаудың Ұлттық жүйесі (National Integrity System) әдістемесіне сәйкес келеді. Бұл жүйе:

- заңның жоғары тұруына;
- тұрақты дамуға;
- сапалы әмірдің болуына ықпал етеді.

Сатылмаудың Ұлттық жүйесін жүзеге асыру үшін қажет алғышарт барлық салада адам құқығын қорғау жүзеге асырылуы керек<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> <http://www.inform.kz>

<sup>2</sup> <https://egemen.kz>

<sup>3</sup> <http://www.kt.kz>

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің

құқықтарын, әздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай әрекет қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың әмір сүруінің барлық салала-рында сыбайлас жемқорлық пен оның кәріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілді. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді. Практика лауазымдық әкілеттілікті асыра пайдалануды, билік етуді немесе лауазымдық әкілеттілікті арттыру, қызметтік жалғандық, сеніп тапсырылған мүліктерді ұрлау және иелену, біле тұра әтірік хабар айту, әтірік айғақ кәрсетуді, куәларды, жәбірленушілерді немерсе сарапшыларды сатып алу, сот шешімдерін, үкімдерін және басқаларды лауазымдық тұлғалардың орындамауы, сыбайласқан байланыстарды қолдану жиі кездесетінін кәрсетіп отыр. Кез келген әркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең әзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы, мемлекеттік қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтау және Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі талаптарын сақтау және Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011—2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы тұрақты бақылануда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мемлекеттік саясаттың бір бөлігі бола отырып, төмендегідей міндеттерді орындауға бағытталған шараларды қамтуы тиіс деп ойлаймын:

- сыбайлас жемқорлықпен күресті оның барлық деңгейінде ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қолайлы жағдайлар мен шарттар алаңын тарылту;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттерді анықтаудың және оған қолданылатын жазалардың ықтималдылығын арттыру;
- лауазымды басшының сыбайлас жемқорлық мотивтеріне ықпал етуі;
- сыбайлас жемқорлықтың барлық түріне деген қоғамдық қарсылық ахуалын қалыптастыру.

Сыбайластықпен күресте жазалау шаралары ғана емес, құқық бұзушылықтың алдын алу маңызды екендігін қаперде ұстау қажет. Сондықтан азаматтарды сыбайластыққа қарсы заңдылықтарға оқыту қажет. Оның негізінде ақпараттандыру, жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру жолдарын талқыға салатын форумдар, дөңгелек үстелдер, семинарлар түрінде жүргізіліп, билік органдары әкілдері тарапынан бопсалау фактілеріне тәзбеушілік сезімдерін қалыптастыруға назар аударылуы қажет.

Қорытындылай келе, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.